

Күйгенкөл ауылдық округі

Күйгенкөл ауылдық округі Жәнібек ауданының оңтүстік-шығыс жағында орналасқан. Солтүстігінде – Ақоба, батысында – Ұзынкөл ауылдық округтерімен, оңтүстігінде – Бөкей Орда ауданымен, ал шығысында – Казталов ауданымен шекаралас.

Ауылдық округтің әкімшілік орталығы – Жасқайрат ауылы. Аудан орталығы Жәнібек ауылынан 65 шақырым, облыс орталығы Орал қаласынан 420 шақырым қашықтыққа орналасқан. Ауылдық округке «Өнеге», «Көлтабан» және «Кұрсай» ауылдары, 25 қыстақ кіреді. Ауылдық округтің жер көлемі – 145294 шақырым.

Ауылдық округ жерінде «Ащыөзек» өзені ағып өтеді. «Жасқайрат» «Төртінші» «Кұрсай», «Хайролла», «Астау салған», «Сарбоз», «Шеген», «Кардон», «Шарбақ қыры», «Қоғалы» жасанды су қоймалары бар. Жәнібек-Казталов-Орал республикалық дәрежедегі күрежол округті аудан және облыс орталықтарымен байланыстырады.

Округте Ө.Сахипов атындағы орта мектеп, Өнеге және Кұрсай ауылдарында бастауыш мектептер жас ұрпаққа тәрбие беруде жұмыс жасауда. Сандық автоматты 120 номерлік телефон желісі «Билайн», «Актив» ұялы байланыс жүйелері, пошталық байланыс бөлімшесі тұрғындарды байланыс қызметімен толық қамтып отыр.

1961 жылы салынған мәдениет үйі 2007 жылы күрделі жөндеуден өткізіліп, қажетті музыкалық т.б. құралдармен жабдықталған. 2008 жылы күрделі жөнделген бала бақшада 40 бүлдіршін тәрбиеленуде. Мұнда 17 адам жұмыс істейді.

1967 жылы 25 орындық аурухана болып құрылған орында қазір 2006 жылы күрделі жөндеуден өткен дәрігерлік амбулатория жұмыс жасайды. Одан басқа үш медпункт жұмыс істеп тұр.

Жасқайрат ауылында 2007 жылы «Таза су» бағдарламасы негізінде таза ауыз су қондырғысы орнатылып, жұмыс істеп тұр.

Негізі 1954 жылы қаланған ауылдық кітапхана ауыл тұрғындарының рухани қажеттілігін өтеуде. Мұнда қазір 19355 кітап қоры бар, 2007 жылдан бастап модельдік кітапхана атағына ие.

2004 жылдан округ орталығында мешіт жұмыс істейді, 2011 жылы ауыл тұрғындарының қаржылай көмегімен жаңа мешіт үйі тұрғызылды.

Жерлес, дауылпаз ақын Тайыр Жароковтің ескерткіші, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестерге арнап орнатылған мемориалдық ескерткіш бар.

Округ орталығында екі аралас дүкен /тамақ және өндіріс тауарларын сатады/, 3 тамақ дүкені жұмыс жасайды.

1929-33 жылдары «Өнеге», «Жасқайрат», «Ворошилов» ауылдарының тұрғындары өз алдарына шағын колхоздар құрып еңбек етті. 1952 жылы Жасқайрат, Ворошилов колхоздары өзара бірігіп ірілендірілсе, 1953 жылы оған Өнеге колхозы да қосылып, Патияны 4 XIX съезі атындағы колхоз болып құрылды. Колхоз орталығы «Жасқайрат» бөгетінің қасынан жаңа

орынға көшірілді. Басқарма төрағасы болып, соғыс ардагері, басшылық қызметте тәжірибесі мол Сахипов Өтепқали сайланды.

Басқарма төрағасы мен колхозшылардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде аз жылда шаруашылық тез дамып, өркендеді. Осы кезеңде колхоз мал басын қойды 40000 бас, сиыр малын 2500 бас, жылқыны 700 бас, түйені 300 басқа жеткізді. Сонымен бірге колхоз тауық, үй қояны, шошқа өсірумен де айналысты.

Колхоз жыл сайын миллиондаған сом пайда тауып, колхозшылардың тұрмыстық жағдайы жақсарды. Мал қоныстанатын жерлерге тұрғын үйлер, коралар мен су қоймалары салынды. Пункттердегі құдықтарға су тартатын моторлар қондырылып, 1958 жылы қойдың жүнін электр қайшымен қырку ұйымдастырылды.

Қоғамдық малды өз төлі есебінен көбейту бағытында қажырлы еңбек етіп жоғарғы көрсеткіштерге жеткен малшы- шопандардың легі көбейді.

Ерғалиев Сундет, Өтешев Имаш, Ғаббасов Әліп, Маштақова Жұмағаным, Ташкенова Қантай, Арыстанов Әмірхан, Ғұбашев Маукен, Әбішев Қабес, Нұрғалиев Әсет, Кұбаев Шекет, Ғылымов Сағынтай, Есенғалиев Темірғали, Ақыбаев Үркін, Ақыбаев Қарес, Өтегенов Садих, Баяхин Оразғали, Марденов Бисекен, Сұпығалиев Әмір, Досекен т.б. уақытпен санаспай еңбек етіп, колхоз экономикасын өркендетуге лайықты үлес қосқан жандар.

Осы жылдары колхозда 8 жылдық мектеп, мәдениет үйі, жаңа үлгідегі МТМ салынды. Малшы-шопандардың балалары үшін мектеп жанынан интернат үй салынды. Олар тегін тамақпен қамтамасыз етілді. 1957 жылы Жәнібектегі СССР Ғылым Академиясының қарауындағы орман шаруашылығы зерттеу мекемесінің мамандарының көмегімен, Ө.Сахиповтың басқаруымен аумағы 2 гектарлық жеміс бағы отырғызылды. Онда жергілікті ауа-райына бейімделген алма, алмұрт т.б. жеміс ағаштары бар.

Суармалы жерде бақша отырғызған, колхозшыларды көкөніспен қамтып отырды.

Колхоз өндірісінде жұмыс істеп, жоғары көрсеткіштерге жеткен колхоз басқармасының төрағасы /1946-52 жылдары/ Мұхамбетәменов Қошан, аға шопан Ерғалиев Сундет, аға малшы Есенғалиев Темірғали, жылқышы Марденов Бисекендер «Ленин» орденімен, жылқышы Сүпіғалиев Әмір мен аға шопан Сопахов Құбай-«Құрмет Белгісі», аға шопан Ташкенова Қантай, Жұбанғалиев Әбдіхан «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталады. Колхоз төрағасы Сахипов Өтепқали екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Сахипов Өтепқали 1959 жылдан КПСС орталық комитетінің Пленумына қатысты. Бірнеше жауынгерлік медальдары бар.

Үкіметтің шаруашылықтарды ірілендіру жөніндегі саясатына сай 1963 жылғы қаңтарда ХІХ партия съезі атындағы колхоз, совхоз болып қайта құрылды. Совхоз «Күйгенкөл қой совхозы» деп аталды.

Совхоз құрылған кезде 4 фермасы болды. Совхоздың алғашқы директоры Құсайынов Нұрлау 1964 жылғы 7 мамырға дейін істеп, басқа

жұмысқа ауысып кетті. Әр жылдарда шаруашылықты мына адамдар басқарды.

Құсайынов Нұрлау	20.01.1963-07.05.1964 ж.ж.
Мырзабаев Меңдібай	07.05.1964-13.10.1982 ж.ж.
Шөкеев Тасболат	13.10.1982-15.07.1988 ж.ж.
Шүкіров Сағынғали	15.07.1988-13.10.1992 ж.ж.
Нұрғалиев Салауат	13.10.1992-27.05.1993 ж.ж.
Каримуллин Марат	27.05.1993-04.09.1996 ж.ж.
Өтемісов Айболат	14.09.1996- 1999 жылдың сәуір айына дейін.

Әр жылдарда ферма меңгерушісі болып істегендер

№ 1 ферма

1959-1963 ж.ж. Мұқашев Құспан
1963-1971 ж.ж. Сұлтанов Сәрсенбай
1971-1976 ж.ж. Жароев Нұраш
1976-1982 ж.ж. Рахымғалиев Жәндетқали
1982-1990 ж.ж. Есенғалиев Телағыс
1990-1993 ж.ж. Шоқанаев Аманкелді
1993-1999 ж.ж. Ғұсманов Уахит

№ 2 ферма

Ғұбашев Кереш 1955-1956 ж.ж.
Жұмағалиев Еслям 1956
Әбрешев Фазыл 1964-1969 ж.ж.
Айтмұханбетов Мұқтар 1963 -1964 ж.ж.
Уайсов Әліпқали 1964-1971 ж.ж.
Сапаров Хаумет - 1971-1977 ж.ж.
Мекетаев Меңдеш 1977-1983 ж.ж.
Зинуллин Елеусін 1983-1985 ж.ж.
Мырзабаев Меңдібай 1985-1987 ж.ж.
Рахмушев Зиолла 1987- 1988 ж.ж.
Меңдібаев Хабдрахим 1988-1992 ж.ж.
Әбрешев Ғарифолла 1992-1998 ж.ж.

№ 3 ферма

Сүлейменов Құти 1958-1963 жылдары комплексті бригадир, 1963-64 жылдары ферма меңгерушісі
Жұмағалиев Еслям 1964
Ералиев Ғаббас 1971-1976
Есенғалиев Нариман 1976-1983
Жұбанишев Серікқали 1984-1993
Шоханаев Аманкелді 1993-1997

№ 4 ферма

Сұлтанов Ыбырайым
Сейтқазиев Мәден

Совхоз негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Сонымен бірге егін шаруашылығы да дамыды. Алғашқы жылдары егістік көлемі 4143 га болса, 1980-1985 жылдары 19312 га жерге егін егілді. Суармалы жер көлемі 586 га жетті. Әр жылдары 546,700,645,100 центнерден астық жинауға жетісті. Әр гектардың өнімділігі 10,0-12,0 центнерден келді.

Әр жылдары бітік егінді ысырапсыз орып алуға механизатор-комбайнерлер, автомобиль жүргізушілері мен жұмысшылар қажырлы еңбек етті.

Комбайнерлер Әбдрешев Ғарифолла, Ғұмаров Болат, Досжанов Мақсат, Шоханаев Өтебай, Меңдешев Сентай, Әбдірешев Сатқанбай т.б. үнемі жарыс көшін бастаушылар болды.

1992 жылы совхозда 2500 сиыр малы, 26000 қой, 650 жылқы, 110 түйе болды. 1986-1990 жылдары әр 100 аналық малдан 89 бұзау, 100 қозы, 78 құлын алынып, әр қойдан 4 кг, жүн қырқылды. Сол жылдары жыл сайын 2356 тонна жүн тапсырып, мемлекеттік жоспар орындалып отырылды.

Ал, 1988 жылы әр 100 аналықтан 102 қозы, 100 бұзау, 82 құлын алынса, әр қойдан 4,4 кг жүн қырқылған. Жекелеген шопандар Хайров Отар әр 100 саулықтан 124 қозы, Каримов Даулет 105 қозы, Құбаев Үмбетқали 121 қозы, Сыдыхов Өктеш 115 қозы, Губашев Мағзом 121 қозы алса, Арыхов Темірәлі әр қойдан 5,4 кг, Ә.Ғаббасов 5,0 кг, Хайров Отарғали 5,4 кг, Үркінов Қитар 5,2 кг жүн алуды қамтамасыз етті. Аға малшылар Сыдықов Жексен әр 100-ден 88, Темірғалиев Сабекен 83, Жұмағұлов Дойнаш 83 бұзау алуға қол жеткізді. 1983 жылы автомашина жүргізушілері Әбдрешев Ғ. жылдық жоспарын 236%, Әбішев Жылқайдар 238 %, Шоханаев Өтебай 241 %, Ситалиев Ғұмар 304 %, Ғұмаров Болат 170 %, Мырзабаев Сағындық 166 %, Айтмұханбетов Бақтығали 159% асыра орындап, қажырлы еңбек үлгісін көрсетті.

Тракторшылар Мендіғалиев Мұса 171%, Құмарғалиев Тасқали 190%, Ғабдуллин Темірболат 140%, Хамзин Сағынтай 135%, Қаресов Нұрболат 126% орындап шыққан. 1989 жылы Кименов Ауқатым жылдық жоспарын 183%, Кокин Аманғали 164%, Қожиқов Сарсенғали 192%, Төрешев Чапай 148%, Меңдіғалиев Бисентай 146%, Сыдықов Қадырбай 147% орындауға жетіскен. Қазақстан Республикасы «Жалгерлік туралы» және «Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүліктерін жекешелендірудің ерекшеліктері туралы» заңдары негізінде совхоз 1992 жылғы 8 маусымда жалгерлік кәсіпорынға айналдырылды.

1994 жылғы 3 ақпанда ұжымдық ауыл шаруашылық кәсіпорын болып қайта құрылды.

1996 жылдың 26 желтоқсанында жұмысшы-қызметкерлердің жалпы жиналысының шешімімен кәсіпорын таратылып, жеке меншік иелікке негізделген «Жасқайрат» өндірістік кооперативі құрылды.

1999 жылы кооператив облыстық соттың шешімімен банкрот деп танылып, аукционға қойылды. Бірақ алушы болмағандықтан 2000 жылғы 16 мамырда облыстық соттың шешімімен «Жасқайрат» өндірістік кооперативі таратылды.